

## Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытууды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы № 180 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 мамырда № 28188 болып тіркелді

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 47-1) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бүйрыққа 1-қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытууды субсидиялау қағидалары бекітілсін.
2. Осы бүйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бүйрықтарының күші жойылды деп танылсын.
3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы бүйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
  - 3) осы бүйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.
4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.
5. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрі

С. Бекешев

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Каржы министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш  
өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрі  
2022 жылғы 24 мамырдағы  
№ 180 Бұйрығына 1-қосымша  
2022 жылғы " "  
Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрінің  
бұйрығымен бекітілген

**Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытууды субсидиялау қағидалары**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытууды субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 47-1) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытууды субсидиялау тәртібін, "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытууды субсидиялау қағидалары" мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) акваөсіру – балық ресурстарының және басқа да су жануарларының өсімін жасанды жолмен молайту және өсіру;

2) асыл тұқымды балық шаруашылығы – балықтардың тұқым қуалаушылық қасиеттерін жақсартуға және өнімділігін арттыруға бағытталған балық өсіру іс-шараларының кешені;

3) балық басын толықтыратын аналық балық үйірі (бұдан әрі – ББТАБУ) – су биологиялық ресурстарын сақтау үшін селекциялық мақсаттар, асыл тұқымдық және өнімділік сапасы жоғары акваөсіру объектілерін молықтыру мақсаттары үшін пайдаланылатын қорғалатын түрлерді қоса алғанда, бақыланатын жағдайларда үсталатын балықтар мен басқа да су жануарларының әртүрлі жастағы топтары;

4) балық және шаянтәрізділердің азығы – балықтарға және шаяндарға арналған отандық немесе шетелдік өндірістің теңгерімделген толық рационды құрамажемінің барлық түрі;

5) балық өсіру шаруашылығы – акваөсірудің кәсіпкерлік қызмет мақсатында балықтардың өсімін жасанды молайту және өсіру жөніндегі бағыты;

6) балық өсіру-биологиялық негізде (бұдан әрі – БӨБН) – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми ұйымдар жүргізілген зерттеулер мен қолда бар ғылыми деректерді, сынақтан өткізілген технологияларды және табиғи және акваөсіру қажеттіліктері үшін бейімделген су айдындарының жай-күйі мен әлеуетін бағалау жөніндегі басқа да іс-шараларды, су айдындарын, түрлердің биология ерекшеліктерін, өсіру технологияларын, ветеринариялық-санитариялық талаптарды, азық рецептурасын және азықтандыру режимін, табиғи азықтық базаның әлеуетін арттыруды, сондай-ақ өсімін молайтуды және балық жіберуді ұйымдастыруды кешенді бағалауды қамтитын, балықтар мен басқа да су жануарларын жасанды өсіру жөніндегі өзге де тәсілдерді зерделеу нәтижесінде әзірлеген ғылыми негізделген ұсынымдар кешені;

7) балық өсіру материалы (бұдан әрі – БӨМ) – балық өсіру объектісіне қарай, су айдындарына балық жіберуге арналған дернәсілдер, құртшабактар, шабактар және балықтардың жасына байланысты басқа да топтары;

8) балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама – "Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 8 шілдедегі № 304 бүйрүғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14117 болып тіркелген) сәйкес белгілеген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) участкерінде ауланған немесе балық өсіру шаруашылығында өсірілген балық ресурстары мен басқа да су жануарларының шығу тегін растайтын құжат;

9) дәрілік препараттар – балықтарды және басқа да су жануарларын акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) жағдайларында оларды өсіру кезінде сыртқы ортаның әсерінен туындастырын аурулардың жүқпалы және жүқпалы емес түрлерінен емдеу үшін пайдаланылатын, сондай-ақ акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) үшін арналған су

айдындарындағы су ортасының және топырақтың сапасын жақсартуға әсер ететін препараттар;

10) жеке шот – субсидиялауға арналған өтінімдерді тіркеу және олар бойынша операцияларды есепке алу мақсатында тіркелген адамды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жазбалардың жиынтығы;

11) көрсетілетін қызметті жеткізуши – Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың балық шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші)) айқындайтын, субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне иесі ретінде қолжетімділікті және оны сүйемелдеуді қамтамасыз ететін тұлға;

12) субсидия алуға арналған өтінім – тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған, сатып алғынған балық азығына, балық өсіру материалына, дәрілік препараттарға, сондай-ақ балық басын толықтыратын аналық балық үйіріне және оларды күтіп-бағуға субсидиялар алуға арналған электрондық өтінім;

13) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – субсидиялауға арналған өтінімдер, сондай-ақ қарыз алушылар, кредиторлар туралы мәліметтердің жиынтығы және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрініс табатын өзге де мәліметтер;

14) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі – субсидиялау процестерін орындау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған, "электрондық үкіметтің" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасауға, субсидиялауға арналған өтінімді тіркеуге, сондай-ақ өтінімнің субсидиялау шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру арқылы оны өндеуге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырып, ретке келтірілген жиынтығы;

15) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб- порталы (бұдан әрі – веб- портал) – Интернет желісінде орналасқан субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

16) тауар өндіруші – акваөсірумен (балық өсіру шаруашылығымен) айналысатын жеке немесе занды тұлға (бұдан әрі – тауар өндіруші (көрсетілетін қызметті алушы));

17) "электрондық үкіметтің" веб- порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

18) электронды цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электронды цифрлық символдар жынтығы.

3. Субсидиялар тауар өндірушілерге (көрсетілетін қызметті алушыларға):

1) бекіре, албырт, тұқы, жайын, цихлид, лат, араван тұқымдас балықтар мен олардың будандарын, шаян тәрізділерді өсіру кезінде пайдаланылатын азықтарды сатып алу шығыстарының 30 (отыз) пайызын (бұдан әрі – %);

2) БӨМ-ды сатып алу шығыстарының 50%-ын;

3) БӨБН-ды сатып алу шығыстарының 50%-ын;

4) дәрілік препараттарды сатып алу шығыстарының 50%-ын;

5) ББТАБУ-ні сатып алу және оларды күтіп-ұстау шығыстарының 50%-ын өтөу арқылы акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өзіндік құнын төмендетуге арналады.

4. Жергілікті атқарушы органдың (көрсетілетін қызметті берушінің) субсидиялау түрлері бойынша субсидиялар көлемімен бірге қаулысын жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) тиісті жылдың 20 қантарынан кешіктірмей мемлекеттік органдардың интранет – порталы арқылы жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) келісуге жібереді.

Субсидиялау түрлері бойынша субсидиялар көлемі мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың басым мақсаттары мен көрсеткіштеріне сәйкес айқындалады.

5. Уәкілетті орган ұсынылған субсидиялау көлемдерінің мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың мақсаттары мен көрсеткіштеріне сәйкестігін бес жұмыс күні ішінде қарайды. Оң шешім болған жағдайда, уәкілетті орган жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) қаулысының жобасын келіседі немесе дәлелді бас тартуды жолдайды.

Дәлелді бас тартуды алған күннен бастап пысықталған жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) қаулысының жобасы үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға қайта келісуге ұсынылады.

6. Субсидиялар көлемі уәкілетті органдың келісімін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органдың (көрсетілетін қызметті берушінің) қаулысымен бекітіледі.

Қаулы бекітілгеннен кейін жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) екі жұмыс күні ішінде оны субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде және өзінің реңми интернет-ресурсында орналастырады.

## 2-тарау. Субсидиялар алу шарттары

7. Субсидиялар жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына көзделген қаражат есебінен және шегінде төленеді.

8. Сатып алған азыққа субсидиялар мынадай шарттар сақталған жағдайда төленеді:

1) тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы сатып алған азық үшін субсидия алуға арналған өтінімді осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша беруі.

Субсидияларды беру процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ субсидияларды беру ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын субсидиялар алуға қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Аквасіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында баяндалған.

"Электрондық үкімет" веб- порталы мен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады;

2) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде субсидиялауға арналған өтінімнің тіркелуі;

3) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің "Занды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дереккорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған тауар өндірушіде (көрсетілетін қызметті алушыда) жеке шотының болуы;

4) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен электрондық шот-фактураларды қабылдайтын және өндейтін ақпараттық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) азықты сатып алуын растауы (азық жеткізушилердің тиісті электрондық шот-фактурасының болуы);

5) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен электрондық шот-фактураларды қабылдайтын және өндейтін ақпараттық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) балық өнімін алдыңғы жылдың төртінші тоқсанында және/немесе ағымдағы жылы өндіру көлемінің расталуы;

6) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен "Е-лицензиялау" мемлекеттік дереккоры " ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – "Е-лицензиялау" МДК" АЖ) ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде аулаудың шығу тегі туралы берілген анықтамалар негізінде қалыптастырылатын, жасанды жағдайларда өсірілген балықтардың ауланған жері туралы мәліметтердің расталуы;

7) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен "Е-лицензиялау" МДК" АЖ-ның ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде бекіре балықтары мен олардың будандары үшін азықты субсидиялау кезінде әкімшілік органда тіркеу туралы ақпарат негізінде

қалыптастырылатын Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына енгізілген жануарлардың қолдан өсірілгені туралы мәліметтердің расталуы.

9. Сатып алған БӘБН, дәрілік препараттар үшін субсидиялар мынадай шарттар сақталған жағдайда төленеді:

1) тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы сатып алған БӘБН үшін субсидия алуға арналған өтінімді, сатып алған дәрілік препараттар үшін субсидия алуға арналған өтінімді осы Қафидаларға 1-қосымшаға сәйкес 2 және 3-нысандар бойынша беруі.

Субсидияларды беру процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ субсидияларды беру ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын субсидиялар алуға қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қафидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында баяндалған.

"Электрондық үкімет" веб-порталы мен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады;

2) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде субсидия алуға арналған өтінімнің тіркелуі;

3) деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің "Занды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дереккорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) жеке шотының субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде болуы;

4) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен электрондық шот-фактураларды қабылдайтын және өндейтін ақпараттық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) БӘБН-ны және дәрілік препараттарды сатып алуын растауы (БӘБН-ды және дәрілік препараттарды жеткізушилердің тиісті электрондық шот-фактурасының болуы).

Дәрілік препараттарды сатып алуға субсидиялау мынадай топтарға қолданылады:

жүқпалы аурулармен күресуге арналған антибиотиктер: биовит (40; 80; 120), антибак (100,500), биовит С, биомицин, хлортетрациклин, амоксицилин, филомед, цефтриаксон, дитрим, левомицетин;

антигельминтикалық препараттар тобы: феномен, альбендозол және оған негізделген препараттар, сондай-ақ тетрамизол негізіндегі препараттар;

иммунитетті арттыруға арналған препараттар: катозал, түрлі пробиотиктер, сондай-ақ премикстер;

сыртқы ауруларға қарсы препараттар: калий перманганаты, ас тұзы, сутегі асқын totығы, фурацилин, көк алмаз, малахит жасыл, күлгін К, метилен көк, формалин;

торларды, тоғандар мен көлдерді өндөуге арналған препараттар: хлорамин, сөндірілмеген/сөндірілген әк, хлорлы әк, кальций гипохлориті, сода/кальций карбонаты, хлорофос;

су гидрохимиясын жақсартуға арналған препараттар: хлорелла, Biofloc;

гипофиз (балық өсіруде уылдырық шашу кезеңінде өндірушілердің жетілуінің гормоналды үдеткіші ретінде қолданылатын гонадотропты гормон).

10. Сатып алынған БӨМ, ББТАБУ және оларды күтіп-ұстая үшін субсидиялар мынадай шарттар сақталған жағдайда төленеді:

1) тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы сатып алынған БӨМ үшін субсидия алуға арналған өтінімді, сатып алынған ББТАБУ үшін субсидия алуға арналған өтінімді осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 4 және 5-нисандар бойынша беруі.

Субсидияларды беру процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ субсидияларды беру ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын субсидиялар алуға қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында баяндалған.

"Электрондық үкімет" веб-порталы мен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылды "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады;

2) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде субсидиялауға арналған өтінімнің тіркелуі;

3) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің "Занды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылды нәтижесінде расталған тауар өндірушіде (көрсетілетін қызметті алушыда) жеке шотының болуы;

4) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен электрондық шот-фактураларды қабылдайтын және өндейтін ақпараттық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылды нәтижесінде тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) БӨМ-ды, ББТАБУ-ні сатып алуын және оларды күтіп-ұстаяуын растауы (БӨМ, ББТАБУ жеткізушилердің тиісті электрондық шот-фактурасының болуы);

5) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен "Е-лицензиялау" МДК" АЖ-ның ақпараттық өзара іс-қимылды нәтижесінде аулаудың шығу тегі туралы берілген анықтамалар негізінде қалыптастырылатын, жасанды жағдайларда өсірілген балықтардың ауланған жері туралы мәліметтердің расталуы;

6) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен "Е-лицензиялау" МДК" АЖ-ның ақпараттық өзара іс-қимылды нәтижесінде бекіре балықтары мен олардың будандары үшін азықты субсидиялау кезінде әкімшілік органда тіркеу туралы ақпарат негізінде

қалыптастырылатын Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына енгізілген жануарлардың қолдан өсірілгені туралы мәліметтердің расталуы.

11. Тауар өндіруші ағымдағы және келесі жылдары осы Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін кемінде бір жыл бұрын сатып алған азық, БӨМ, БӨБН, дәрілік препараттар және ББТАБУ сатып алуға жұмсалған шығындарды өтеу бойынша субсидиялар алуға өтінім береді.

12. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 419-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, субсидия алу үшін пайдаланылған электрондық шот-фактураларды кері қайтарып алуға, жоюға және түзетуге жол берілмейді.

13. Субсидияларды есептеу осы Қағидаларға З-қосымшада көзделген формулаларға сәйкес жүзеге асырылады.

### **3-тарау. Субсидиялар төлеу тәртібі**

14. Субсидия алуға арналған өтінімдерді қабылдау тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) орналасқан жері (занды мекенжайы) бойынша тиісті жылдың 1 наурызынан бастап 1 желтоқсанына дейін жүзеге асырылады.

15. Тізілім деректеріне веб-портал арқылы қолжетімділікті ұсыну (бұдан әрі – жеке кабинет) үшін жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) тиісті жылдың 10 ақпанына дейін қызметтерді жеткізушиге ЭЦҚ-сы бар қызметкерлердің өзектендірілген тізімін жолдайды.

16. Жеке кабинетке қолжетімділікті ұсыну үшін тауарөндірушіге (көрсетілетін қызметті алушыға) субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне дербес тіркелу үшін ЭЦҚ-сы болуы тиіс.

17. Веб- порталда тіркелу кезінде жеке кабинет ашу үшін тауар өндіруші (көрсетілетін қызметті алушы) мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) жеке тұлғалар және дара кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН); аты, әкесінің аты (бар болса) және тегі;

2) занды тұлғалар және бірлескен кәсіпкелік нысанындағы жеке кәсіпкерлер үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі; толық атауы; бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және ЖСН-сы;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық поштасының мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктегі банк шотының деректемелері.

Көрсетілген деректер өзгерген жағдайда тауар өндіруші (көрсетілетін қызметті алушы) бір жұмыс күні ішінде жеке кабинетке енгізілген жеке шоттың деректерін өзгертеді.

18. Жеке кабинетте өтінімді қалыптастыру және тіркеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидалардың 8-тармағының 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларымен, 9-тармағының 3) және 4) тармақшаларымен, 10-тармағының 3), 4), 5) және 6) тармақшаларына сәйкес талаптарды субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің тексеруі үшін қажетті мәліметтерді енгізе отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес субсидия алуға арналған өтінім қалыптастырылады;

2) Субсидия алуға арналған өтінім субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде оған тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) ЭЦҚ-сымен қол қою арқылы тіркеледі және жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) жеке кабинетінде қолжетімді болады. Веб-порталда көрсетілген жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті беруші) электрондық мекенжайына субсидия алуға арналған өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

19. Осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша субсидияны аудару туралы хабарлама, не осы Қағидалардың 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық құжат нысанында субсидиялаудың ақпараттық жүйесіндегі тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) жеке кабинетіне жіберіледі.

20. Субсидиялардың көлемі тиісті айға арналған Қаржыландыру жоспарында көзделген бюджет қаражатының көлемінен асатын субсидия алуға арналған өтінімдер бойынша субсидияларды төлеу субсидиялауға өтінім берілген сәттен бастап кезектілік тәртібімен келесі айда жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) бекітілген қаулысына сәйкес тиісті бағыттарға көзделген қаражат жетіспеген кезде өтінімдер резервке (күту парагына) түседі.

Резервке (күту парагына) түсken өтінімдер бойынша субсидиялар төлеу жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері көрсетілген қаулысы негізінде келесі қаржы жылында қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде өтінімдердің келіп түсken күніне және уақытына сәйкес кезектілік бойынша жүзеге асырылады.

21. Жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне субсидияларды алу сатысы туралы деректерді енгізууді қамтамасыз етеді.

**4-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі.**

22. Мемлекеттік қызметтер көрсетеу мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган, лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның (бұдан әрі – Заң) 25-бабының 2 -тармағына сәйкес тауар өндірушінің (көрсетілетін қызметті алушының) шағымы:

жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) – тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің), мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайда:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Егер Заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ақваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларына  
1-қосымша  
1-нысан

### **Сатып алынған азық үшін субсидия алуға арналған өтінім**

(кімге) \_\_\_\_\_  
(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті

атқарушы органды)

(кімнен) \_\_\_\_\_

(занды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Маған мынадай балық түрлеріне: \_\_\_\_\_

килограмм көлемінде сатып алынған азық үшін  
теңге мөлшерінде субсидия төлеуді сұраймын.

(сомасы санмен және жазбаша)

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер:

занды тұлға үшін:

атауы \_\_\_\_\_;

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) \_\_\_\_\_;

басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі \_\_\_\_\_;

мекенжайы: \_\_\_\_\_;

телефон (факс) нөмірі: \_\_\_\_\_;

жеке тұлға үшін:

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі \_\_\_\_\_;

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) \_\_\_\_\_;

жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі \_\_\_\_\_;

кім берді \_\_\_\_\_;

берілген күні \_\_\_\_\_;

мекенжайы: \_\_\_\_\_;

телефон (факс) нөмірі: \_\_\_\_\_;

Дара кәсіпкер ретінде қызметін бастаганы туралы хабарлама – жеке тұлға үшін:

орналасқан

жері \_\_\_\_\_;

хабардар етілген күн \_\_\_\_\_;

2. Екінші деңгейдегі банктегі жеке немесе занды тұлғаның ағымдағы шотының мәліметтері:

ЖСН/БСН \_\_\_\_\_;

бенефициар коды (бұдан әрі – Кбе) \_\_\_\_\_;

банк деректемелері \_\_\_\_\_;

банктің атауы \_\_\_\_\_;

банктік сәйкестендіру коды \_\_\_\_\_;

жеке сәйкестендіру коды \_\_\_\_\_;

БСН \_\_\_\_\_;

Кбе \_\_\_\_\_;

3. Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтамадан алынған мәліметтер: нөмірі және берілген күні \_\_\_\_\_;

балықтың түрі \_\_\_\_\_; өсірілген балықтың көлемі \_\_\_\_\_;

4. Тұрлері Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және (немесе) II қосымшаларына енгізілген балықтардың бекіре тұқымдас түрлерін қолдан өсіру жөніндегі қызмет туралы әкімшілік органда тіркелуді

растаяу:

нөмірі және берілген күні \_\_\_\_\_; хабарлама нөмірі \_\_\_\_\_;

5. Ақваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өткізуге арналған шот-фактуралар туралы мәліметтер:

p/c №	Ш о т - фактураның нөмірі	Ш о т - фактураның күні	Ақваөсіру балық өсіру шаруашылығы) өнімінің атауы	Өткізілген өнімнің көлемі, килограмм	С а т ы п алушының ЖСН /БСН-сы және атауы
1	2	3	4	5	6

6. Жеке/занды тұлғалар мен азық сатушы арасындағы сату-сатып алу шарттары туралы мәліметтер:

p/c №	А з ы қ сатушының Ж С Н / БСН-сы	А з ы қ сатушының атауы	Ш а р т нөмірі	Ш а р т жасалған күн	А з ы қ атауы	Құны, теңге	А з ы қ тың көлемі, килограмм
1	2	3	4	5	6	7	8

7. Азық сатып алуға жұмсалған шығындарды растайтын шот-фактуралар туралы мәліметтер:

p/c №	Шот-фактураларың нөмірі	Шот-фактураларың күні	А з ы қ тың атауы	Сатып алынған азық көлемі, килограмм	Сатып алынған азықтың құны, теңге
1	2	3	4	5	6

8. Тиесілі субсидияларды есептеу:

p/c №	Субсидияла-натын балық түрі	Өндірілген өнім көлемі, килограмм	А з ы қ атауы және түрі	Б і р килограмм а з ы қ өндіруге арналған шығыс нормасы	Б і р килограмм а з ы қ өндіруге арналған шығыс нормасы	А з ы қ сатып алуға жұмсалған барлық шығыс, теңге	Бюджеттік субсидиялардың тиесілі сомасы, теңге
1	2	3	4	5	7	8	

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын

және заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес

деректерді жинауға және өндіреуге, сақтауға, түсіруге және пайдалануға, сондай-ақ сұрау  
салу  
бойынша бизнесті мемлекеттік қолдау шараларының объектілік мониторингінің  
ақпараттық  
жүйесін құру жөніндегі жоба шеңберінде оларды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті  
